

тиым салулар мен шектеулерді белгілеудің, Жақтардың мемлекеттерінің кеден шекаралары арқылы тауарларды өткізуге бақылау жасаудың тәртібін реттейтін құқықтық нормаларының жиынтығы;

"кеден қызметтері" - Жақтардың мемлекеттерінің орталық кеден органдары;

"кеден ережелерін бұзу" - кеден заңдарын бұзушылық немесе бұзуға ұмтылу;
"тұлға" - заңды және жеке тұлға;

"есірткі заттар" - БҰҰ-ының кейінгі өзгерістері және толықтыруларымен 1961 жылғы Есірткі дәрі-дәрмектері туралы бірыңғай конвенциясының тізіміне енгізілген заттар ;

"жүйке улағыш заттар" - БҰҰ-ының кейінгі өзгерістері және толықтыруларымен 1971 жылғы Жүйке улағыш заттар туралы конвенциясының тізіміне енгізілген заттар;

"прекурсорлар" - халықаралық конвенцияларда Есірткі дәрі-дәрмектері мен жүйке улағыш заттарды өндіруде қолданылатын химиялық материалдар ретінде жіктелінетін заттар мен олардың тұздары ;

"бақыланатын жеткізілім" - есірткі дәрі-дәрмектері мен жүйке улағыш заттардың заңсыз айналымына қатысы бар адамдарды анықтау мақсаттарында Жақтардың құзіретті органдарының білуімен және қарауымен есірткі дәрі-дәрмектері мен жүйке улағыш заттардың заңсыз не заңсыздыққа күмән келтіретін топтамаларының бір Жақтың мемлекеті аумағына әкелінуіне, әкетілуіне және жөнекей тасымалдалуына жол берілетін әдіс.

2 - б а п

Келісімнің қолданылу аясы

Осы Келісімнің негізінде және кеден қызметтерінің көмегімен олардың құзіреттерінің шегінде Жақтардың мемлекеттерінің заңдарын сақтай отырып, Жақтар:

- а) Жақтар арасындағы жолаушылар мен жүк тасымалдауды жетілдіру;
- б) кеден баждарын, алымдарын және басқа да төлемдерді дұрыс алуды, сондай-ақ кеден жеңілдіктерін дұрыс қолдануды қамтамасыз ету;
- в) контрабанда кеден заңдарының бұзылуын болдырмау, тергеу мен жолын кесу мақсатында бір-бірімен ынтымақтасатын болады.

3 - б а п

Кеден нысандарын ресімдеуді оңайлату

1 . К е д е н қ ы з м е т т е р і :

а) өзара келісе отырып, кеден нысандарын ресімдеуді оңайлату бойынша қажетті ш а р л а р д ы қ о л д а н а д ы ;

б) бірін-бірі кедендік қамтамасыз ету шарттарын (қорғасын мөртаңбалар, мөрлердің ізтаңбалары, жай мөртаңбалар) және кедендік құжаттарды мойындайды, ал қажет кезінде өткізілетін тауарларға өздерінің кедендік қамтамасыз ету шарттарын қолданады

2. Транзитпен өтетін тауарлар мен көлік құралдары Жақтардың мемлекеттерінің

заңдарына сәйкес әкелу, әкету және жөнекей тасымалдауға тиым салынған не кеден заңдары бұзылды деуге негіз бар жағдайларды қоспағанда кеден тексеруінен босатылады.

4 - б а п

Куәліктерді беру

1. Кеден қызметтері сұрау бойынша бір Жақтың аумағына әкелген не әкетілген тауарлардың келесі Жақтың аумағына заң негіздерінде әкелінетінін не әкетілінетінін растайтын куәліктерді бір-біріне береді. Куәліктерде тауарлардың ресімделінген кедендік процедураларының түрі мен нәтижелері көрсетіледі.

2. Кеден қызметтері сұрауы бойынша өздеріне бағынатын кеден органдарының ұсынған куәліктерінің не құжаттарының шынайы екендігі және барлық қажетті деректерді қамтитыны туралы мәліметтерді бір-біріне береді.

5 - б а п

Есірткі дәрі-дәрмектері мен жүйке улағыш заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес

1. Кеден қызметтері алдын ала сұрау салусыз есірткі дәрі-дәрмектері мен жүйке улағыш заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымын болдырмау, тергеу мен жолын кесу жөніндегі әрекеттерін жандандыру мақсатында бір-біріне мүмкіндігінше қысқа м е р з і м д е :

а) есірткі дәрі-дәрмектері мен жүйке улағыш заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымымен айналысатыны белгілі немесе бұған күдік келтіретін тұлғалар туралы;

б) есірткі дәрі-дәрмектері мен жүйке улағыш заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымы үшін пайдаланылатыны белгілі немесе бұған күдік келтіретін көлік құралдары, контейнерлер мен пошталық жөнелтілімдер, сондай-ақ оларға бақылау жасаудың жаңа әдістері туралы мәліметтерді хабарлайды.

2. Кеден қызметтері алдын ала сұрау салусыз есірткі дәрі-дәрмектері мен жүйке улағыш заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымында қолданылатын тәсілдер, сондай-ақ оларға бақылау жасаудың жаңа әдістері туралы мәліметтерді бір-біріне х а б а р л а й д ы .

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес кез келген Жақтан алынған мәліметтер, хабарлар мен құжаттар нашақорлықпен және есірткі дәрі-дәрмектері мен жүйке улағыш заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымымен айналысатын құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдарға берілуі мүмкін.

4. Жақтардың мемлекеттерінің заңдарының негізінде және өзара келісе отырып, кеден қызметтері қажет кезінде есірткі дәрі-дәрмектері мен жүйке улағыш заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына қатысы бар адамдарды анықтау мақсатында оларды жеткізудің бақыланатын әдісін пайдаланады.

Жеткізудің бақыланатын әдісін пайдалану туралы шешімді әр нақты жағдайда Жақтар қабылдайды және олар қажет кезінде Жақтардың қаржылық уағдаластығын ескере алады.

6 - б а п

Мәліметтерді беру

1. Кеден қызметтері сұрау салу бойынша өздерінде бар хабарларды, хаттамаларды, өзге де материалдарды немесе олардың куәлендірілген көшірмелерін салып жіберу ж о л ы м е н :

а) кеден төлемдерін, алымдарын және басқа да төлемдерді алуға, сонымен қатар кедендік жеңілдіктерді қолданумен байланысты жағдаяттар туралы;

б) сұрау салатын Жақтың кеден заңдарына қайшы келетін дайындалып жатқан немесе жасалынған әрекеттер туралы барлық мәліметтерді бір-біріне береді.

2. Кеден қызметтері алдын ала сұрау салусыз-ақ мүмкіндігінше қысқа мерзім ішінде кеден заңдарын бұзушылыққа қарсы күреске Жақтардың ерекше мүдделілігі бар заңдардың бұзылу мүмкіндігі туралы барлық мәліметтерді бір-біріне хабарлайды. Бұл а л д ы ң ғ ы к е з е к т е :

а) қоршаған орта немесе халықтың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін болатын т а у а р л а р д ы ;

б) қару-жарақты, оқ-дәріні, жарылғыш және улағыш заттарды, жарылғыш қ о н д ы р ғ ы л а р д ы ;

в) айтарлықтай тарихи, көркемдік, мәдени немесе археологиялық құндылықтардың м ә н і н д е г і т а у а р л а р д ы ;

г) Жақтардың мемлекеттерінің заңдарына сәйкес ерекше маңызы бар және жоғары кеден баждарын, акциздері мен басқа да салықтарды салуға жататын тауарларды өткізуге қатысты болып келеді.

7 - б а п

Құжаттарды беру

1. Жақтардың кеден қызметтері кеден мәселелері бойынша қолданылып жүрген заң не өзге де нормативті актілердің көшірмелерін бір-біріне беретін және кеден заңдарындағы барлық өзгерістер мен толықтырулар жайында бұдан әрі бір-біріне дереу х а б а р л а й т ы н б о л а д ы .

2. Бір Жақтың кеден қызметі келесі Жақтың кеден қызметінің сұрау салуы бойынша кеден ережелерін қолдануға қатысты мәселелері бойынша әкімшілік органдарының шешімдерінің көшірмелерін береді.

3. Осы Келісімнің 11-бабының 2-тармағында "д" қосымша тармағында көзделген талаптан ерекшеленетін құжаттарды беру туралы сұрау салуларда істің мәні с и п а т т а л м а у ы да м ү м к і н .

4. Құжаттарды алуды сұрау салған кеден қызметі алудың күнін көрсете отырып растайды.

8 - б а п

Тәжірибе алмасу мен көмек көрсету

1. К е д е н қ ы з м е т т е р і :

а) өз қызметтерінің тәжірибесі мен техникалық бақылау құралдарын қолдану т у р а л ы ;

б) кеден заңдарын бұзудың жаңа құралдары мен әдістері жайлы;

в) екі Жақтың өзара мүдделілігін тудыратын басқа да кеден мәселелері бойынша а қ п а р а т п е н а л м а с а д ы .

2. К е д е н қ ы з м е т т е р і к е д е н і с і с а л а с ы н д а :

а) кеден қызметтерінің пайдаланатын техникалық көмек құралдарымен таныстыру мақсатында өзара мүдделілікті тудыратын жағдайларда қызметкерлермен алмасуды;

б) қызметкерлерді оқытуды және олардың арнайы дағдыларын жетілдіруді;

в) кеден мәселелері бойынша сарапшылармен алмасуды;

г) кеден мәселелеріне қатысты кәсіби, ғылыми және техникалық мәліметтермен алмасуды қосқанда бір-біріне көмек көрсетеді.

9 - б а п

Тергеу

1. Бір Жақтың кеден қызметі келесі Жақтың кеден қызметінің сұрау салуы бойынша осы Келісімнің 2 бабының "б" және "в" тармақтарымен көзделген тексеруді немесе тергеуді жүргізеді. Тексерудің немесе тергеудің нәтижелері осы Келісімнің 6-бабының 1-тармағында көзделген тәртібіне сәйкес сұрау салушы Жаққа хабарланады.

2. Тексеру мен тергеу сұрау салынатын Жақтың аумағында қолданылатын заңдарға сәйкес жүргізіледі. Сұрау салынатын кеден қызметі өзінің жеке атынан тексеру мен т е р г е у д і ж ү р г і з е д і .

3. Сұрау салынатын кеден қызметі сұрау салушы Жақтың лауазымды адамдарына осындай тексеру мен тергеуге қатысып отыруға рұқсат беруі мүмкін.

4. Бір Жақтың лауазымды адамдарының келесі Жақтың аумағында болған кезінде осы Келісіммен көзделген жағдайларда өздерінің ресми өкілеттіліктерінің құжатпен расталуының болуы және нысанды киімді кимеуі, қару-жарақты алып жүрмеуі керек.

1 0 - б а п

Сарапшылар мен куәгерлер

Бір Жақтың сот немесе әкімшілік органдары кеден заңдарының бұзылуына байланысты бұған сұрау салатын болса, келесі Жақтың кеден қызметі өз қызметкерлерін осындай соттық немесе әкімшілік талқыларға сарапшылар мен куәгерлер ретінде шығып сөйлеуіне өкілеттік бере алады. Бұл қызметкерлер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде белгілі болған фактілер бойынша анықтамалар не қорытындылар береді. Соттық немесе әкімшілік талқыларға қатысқаны туралы сұрау салуда сұрау салынатын Жақтың қызметкерінің қандай іс бойынша және кім болып келетіні жөнінде нақты көрсетілуі тиіс.

1 1 - б а п

Сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Осы Келісімнің 9-бабының 1-тармағында көзделген сұрау салу жазбаша нысанда жіберіледі. Сұрау салуды орындауға қажетті құжаттар түпнұсқаларында, ресми куәлендірілген көшірмелерінде не фото көшірмелерінде қоса тіркеледі.

С ұ р а у с а л у :

- а) мүдделері сұрау салудың негізінде жатқан кеден органының атауын;
- б) сұрау салудың мәні мен себебін;
- в) процедураның сипатын;
- г) процедураға қатысушылардың аты-жөндері, мекен-жайлары мен өзге деректерді;
- д) істің мәні мен оның заңдық жағдаяттары туралы қысқаша сипаттама сияқты деректерді қамтуы қажет.

1 2 - б а п

Сұрау салуларды орындау

1. Кеден қызметтері өз Жағының заңдарына сәйкес өз құзіреті шегінде сұрау салуларды орындауда бір-біріне жәрдемдеседі.

2. Сұрау салуды орындау сұрау салынатын Жақтың мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне не заңдары мен халықаралық міндеттемелеріне нұқсан келтіретін болса, онда оны орындаудан бас тартылуы мүмкін.

3. Сұрау салудан бас тартылғаны, сонымен қатар бас тартудың себептері туралы сұрау салатын кеден қызметі жазбаша нысанда дереу хабарланады.

1 3 - б а п

Құжаттар

1. Сұрау салу бойынша шынайы құжаттарды беру ресми куәлендірілген көшірмелер не фотокошірмелер жеткіліксіз болатын жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Шынайы құжаттар сұрау салынатын кеден қызметіне мүмкіндігінше қысқа мерзімде қайтарылуы тиіс.

3. Осы баптың ережелерін қолдану кезінде сұрау салынатын Жақтың немесе осы Келісімге қатысушы болып табылмайтын Жақтың немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым көрсетілмеуі тиіс.

1 4 - б а п

Алынған мәліметтер мен құжаттарды пайдалану

1. Кеден қызметтері қаралып жатқан кеден заңдарының бұзылуына байланысты соттық не әкімшілік талқыларында тексеру мен тергеулерді жүргізу кезінде өздерінің хабарларында, хаттамаларында, өзге де материалдарында айғақтар ретінде осы Келісімге сәйкес алынған мәліметтер мен құжаттарды пайдалана алады. Соттық не әкімшілік талқыларындағы осы мәліметтерді бағалау сұрау салатын Жақтың заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. Сұрау салу бойынша ұсынылған мәліметтер, хабарлар мен құжаттар осы Келісімді орындау мақсатында ғана пайдаланылады және оларды басқа біреулерге беруге не оларды берген кеден қызметінің келісімінсіз өзге мақсаттарда пайдалануға б о л м а й д ы .

3. Осы баптың 2-тармағының ережелері есірткі дәрі-дәрмектері мен жүйке улағыш заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты бұзушылық туралы материалдарды қамтымайды. Мұндай ақпараттардың есірткі заттардың заңсыз айналымымен айналысатын органдарына тікелей берілуі мүмкін.

1 5 - б а п

Шығыстарды өтеу

1. Сұрау салатын кеден қызметі сұрау салынатын кеден қызметінде жұмыс істемейтін сарапшылар мен аудармашылардың жұмысына ақы төлеуге байланысты осы Келісімді орындау мақсатында орын алған шығыстарды сұрау салынатын кеден қызметіне өтейді .

2. Осы Келісімнің 8-бабының ережелерін орындауға байланысты шығыстарды өтеу Жақтардың кеден қызметтері арасындағы жеке уағдаластықтардың арнасы бола алады.

1 6 - б а п

Келісімді орындау

1. Осы Келісімде көзделген ынтымақтастықты кеден қызметтері тікелей жүзеге а с ы р а д ы .

2. Кеден қызметтері өз құзіреттерінің шегінде осы Келісімді орындауға қажетті нормативті актілерді шығарады .

3. Осы Келісімді орындау үшін Жақтардың кеден қызметтері өз құзіреттерінің шегінде екі жақты кеден қатынастарының күллі кешені бойынша жеке-жеке келісімдерді жасай алады.

1 7 - б а п

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісімнің ережелері басқа халықаралық келісім-шарттарға сәйкес Жақтардың қабылдаған міндеттемелерін қамтымайды.

2. Осы Келісім Жақтардың осы үшін қажетті мемлекет ішіндегі істерді орындағандары туралы соңғы мәлімдеме жасалған күннен бастап күшіне енеді және Жақтардың бірі оның әрекетін тоқтату туралы екіншісіне жазбаша мәлімдеме жіберген алты ай мерзім біткенге дейін күшінде қалады.

Алматы қаласында 1997 ж. 10 маусымда қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі данада жасалынды, барлық мәтіндердің заңдық күші бірдей. Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсатында орыс тіліндегі мәтін басым қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Әзірбайжан Республикасы

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК